

А И Қ Ы Ы Н

Асанәлінің ұстазы



«Шәкіртсіз ұстаз – тұл, ұстазсыз шәкірт – тұл». Осы сөз тегін айтылмаған. Ұлық кісілердің бәрі де үлкен ұғымдағы ұстазына бас иген.

Ұстазы шәкіртімен мақтанған. Мәселен, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзінің ұлағатты ұстазы, 10-сыныптағы сынып жетекшісі, бүгінде жүз жасқа келген Сейітхан Исаевқа деген құрметі, ал ол кісінің Елбасыға деген құрмет сезімі қандай, шіркін! Елге керемет үлгі-өнеге. Сол секілді, КСРО халық артисі, қазақ киносын әлемдік деңгейге көтерген актер Асанәлі Әшімұлының да Алатаудай атағына қарамай шүйкедей қара кемпірге тағзым еткеніне біз куә.

Таяуда көршіміз Пелагея әжей сексен сегіз жасында қайтыс болды. Шын есімі Бақытты екен. Ресейдің қазағы, кезінде төлқұжатына солай жазып жіберіпті. Қайратты адам еді. Сексеннің сеңгіріне шыққанына қарамай,

аулада үнемі иіліп-бүгіліп түрлі жаттығулар жасап жүретін. Қазақша да, орысша да өте сауатты адам болатын. Абай атындағы ҚазПИ-де 70-ке келгенше 1997 жылға дейін профессор болыпты. Физика-математика кафедрасын басқарған. Жүріс-тұрысынан тектілік, білімділік, зиялылық есіп тұратын. Әйтеуір тегін адам емес дестік. Расында бұл кісі тегін болмай шықты. Алаштың ардақтысы Ас-ағаның – Асанәлі Әшімұлының сүйікті

ұстазы екен. Шәкірті анадай болғанда, ұстазы қандай болды десеңші! Өттең әңгімелесе алмадық. Далаға сирек шығатын болды. Бертінде тіпті шықпай қалды. Ауырып жатып қалған екен. Содан төсегінде ұзақ жатып қайтыс болды. Ақырғы сапарына жұрт жөн-жоралғымен шығарып салды. Асанәлі аға марқұм ұстазына зайыбымен бірге Құран бағыштап келді. Көрші болған соң біз де дастарқан басында бірге болып, Ас-ағаның ұстазы жайында тебіреніп айтқан әңгімесін ұйып тыңдадық. Менің журналист екенімді білген соң «газетіңе ұстазым жайында жаз» деді Ас-аға. Біз айта түсіңіз дедік...

Ас-ағаның шығармашылығының негізгі бастау көзі балалық шақта жатыр екен. Балғын өнерінің өрістеп, әртістік өнерінің алғашқы ұшқыны шешек атуына ұстаздарының, әсіресе, біз сөз еткелі отырған Пелагея апайының ықпалы мол болыпты. Соғыс дәуірінің ұрпағы Асекеңнің әкесін соғыс жалмаған. Артында қалған шешесі екеуі жесірлік пен жетімдіктің тауқыметін тартып өседі. Жалғыз шешесі Кентаудағы ағайындарын сағалап, қаладағы наубайханаға жұмысқа орналасады. Сегізінші сыныпты Сарысуда оқып тауысқан Асанәлі бала күнгі достарымен қимай қоштасып, Кентау қайдасың деп тартып тұрады.

Асанәлі Әшімұлы айтады: «Елу екінші жылы қала тұрғыны боп шыға келдік. Мырғалымсай деп аталатын қазіргі Кентау қаласының шап-шағын кезі. Өмірімде бірінші рет көрген «ірі мәдени орталық». Көшесіндегі кісілердің көптігінде қисап жоқ. Өзіміз ауылда анда-санда көретін көккөз ағайындар жырттылып айырылады да, қайта қазақтар әр жерден бір ұшырасады. Кейде-кейде қоңқақ мұрын грек, әзірбайжан, шешен, түрік, т.б. әйтеуір көп. Тұрғындарының ұлттық құрамының әртүрлі болып келуінің өзі маған ерекше бір құдіреттілік танытқандай әсер етеді. Екі қабатты зәулім үйлерді көріп: «Шіркін-ай, ішіне кіріп көрер ме еді, мұның екінші қабатына қалай ғана көтеріледі екен?» деп аң-таң қаламын. Сонан соң «Бір кездерде осындай үйлерде тұрсам ғой шіркін деген балалық қиялға да кетемін.

Атшаптырым стадион, ондағы доп құған балалар, жігіттер, қатар-қатар ағаштары сап түзеген бақ, не керек, басқа бір әлем, бөтен дүние. Түтіндері будақтаған зауыттар, жалғыз пойыз сүйрейтін сансыз көп вагондар – осының бәрін көзбен көріп жүргенде, «Шіркін-ай, менің осылардың бәрін де көзбен көріп жүргенімді ауылда қалған достарым қайдан білсін?!» деген сияқты ерекше бір мақтанышқа толы ойларға кетемін. Осының бәрі де маған Эрмитажды аралап жүргендей-ақ әсер етуші еді. Әлі оныншы сыныбы жоқ мектептің ең үлкені біз, тоғызыншы сыныптықтар. Оның өзі де ойдан-қырдан жиналған құрама. Бірін-бірі біліп болмайтын кез. Әр бала мен сияқты бұрын оқыған мектептеріндегі өз достарын іздеп, жаңа ортаны жатсынатын сияқты. Бірақ «Жылқы баласы – кісінескенше, адам баласы – тілдескенше» деген емес пе, араға апта салмай-ақ бір-бірімізбен шүйіркелесе тіл табысып, мінез-құлқымызға қарай, өзіміздің ерекшелігімізге қарай дегендей дос тауып, жалғызсырауды да қоя бастадық. Райымбек Сейтметовпен бірге оқыдым. Райымбек сол кезде-ақ сан қилы өнерімен ерекше көзге түсетін. Сықақ оқып, кейбір жерлерін қимылмен көрсеткенде үлкен-кіші ішін басып, ішегі түйілгенше күлуші еді... Оның да көзі кетті. Апайдан тәлім алған балалардан қазір мен ғана қалдым... Қызығынан қиындығы мол балалық шағы есіне түсті ме, әлде Пелагея апайына деген аяулы сезім баурады ма, Асекең біраз уақыт үнсіз қалып, сөзін ары қарай жалғады. – Ол кезде Пелагея Алиповна әдемі, жіп-жіңішке, қараторы келіншек еді. Физика, математикадан сабақ береді. Астрахань облысының қазағы екенін кейін білдік. Сол кезде институтты жаңа бітіріп келген жас мұғалім. Күйеуі Әділхан да Кентаудағы өндірісті көтеруге кеншілердің алғашқы легімен келген жас маман. 9-10 сыныпта сынып жетекшіміз болған Пелагея апай біздің көкірек көзімізді көп нәрсеге ашты. Болашаққа жол көрсетті. Сауатты, тәрбиелі болып шығуымызға септігін тигізді. Мәдениетті жүріп-тұруға, көпшілік ортада өзімізді қалай ұстауға, адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасауға, оптимист болуға баулыды. Сабағын беріле тыңдайтынбыз. Қатал болатын жерде қатал да

еді. Өзі де тынбайтын, бізге де тыным таптырмайтын. Жан дүниемізді түсініп, қателігімізді ренжітпей сездіре білетін. Өз қамынан бұрын бізді ойлайтын. Анамыздай аялайтын. Бір күні Пелагея апайымыз Астраханьға бір шаруамен кетіп, бөгеліп қалды да, оның орнына бір ақсақ мұғалім сабақ берді. Пелагея Алиповнаның сабақ берудегі ұстаздық шеберлігі қандай еді, шіркін, соған үйренген оқушылар әлгі мұғалімді тыңдамай қойды. Сыныптағы балалардың ең жуасы мен едім, менің өзім әлгі ақсақ мұғалімге: «Сіз қашан кетесіз?» депшін ғой...

Асанәлі ағамыз Мырғалымсайдағы қазақ орта мектебінің тұңғыш түлектері болып, келер жылы кәметтік аттестат алады. «Кәметтік» деп атының өзі-ақ әйгілеп тұрғандай, бұл балалық шақпен біржола қоштасуының, азаматтық кезеңге қадам басқанының белгісі еді. Мектеп бітірген Асанәлі бірінші жылы оқуға түсе алмай, сәтсіздікке ұшырайды. Бір жыл жұмысшы жұртының арасында болып, «өмір қазанында» піседі. Геологиялық барлау партиясында жұмыс істеп, өзіндік романтикасы бар тау-тасты кезеді. Жер қойнауының жеті қат астынан кен іздейтіндердің қасында қолбала-жұмысшы болады. Келесі жылы досы Райымбек Сейітметовтің жетелеуімен Алматыға артистің оқуына оқуға түседі. Ас-ағаның сынып жетекшісі, сүйікті ұстазы Пелагея Алиповна да шәкірттерін жылы ұяларынан алысқа ұшырған соң, өзі де ары қарай білім қуып, Алматыға аттанады. – Кентауда мұғалім болып жүріп, кейін Алматыға келіп Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында, одан кейін Абай атындағы ҚазПИ-де кафедра басқаруы, аспирантура тәмамдап, ғылым жолына түсуі, өнертапқыш болып патент қорғауы – сол тынымсыз ізденгіштігінің, оқуға берілгендігінің, мамандығына деген сүйіспеншілігінің арқасы. Пелагея Алиповнаға қолымнан келгенше көмектестім де. ҚазПИ-де ұзақ жылдар, жетпіс жасқа келгенше сабақ берді. Бірде кафедра меңгерушілігінен орынсыз алып тастаған екен, орнына қайта қойғызғаным бар... Жақсы адам еді, жарықтық. Өмірдің ауыртпалығын да бір кісідей тартты. Екі баласынан айырылды. Қашан көзі жұмылғанша телефонмен сөйлесіп тұрдық. Кейін құлағы ауырлаған соң, келінінен хал-жағдайын біліп тұрдым, – деді Ас-аға әңгіме арасында.

Асанәлі ағаның келін деп отырғаны – құдайы көршім Нұрбибі Жүсіпбекова. Қызылорда облысының Сырдария ауданының тумасы. Баласы Серік екеуі әжелерін – Асекеңнің ұстазын қартайғанда баладай мәпелеп бақты. Әсіресе, немересі Серік Дүйсенбаев наукастан шарасыз күйде ұзақ жатып қалған әжесін үнемі жуып-тазалап, перзенттік парызын адал өтеді.

– Апам «Асанәлі беріп жіберген қазы-қартаны қашан асасың?» деуші еді. Өзі жеп жарытпайды, сонда да сүйсініп отырады. Асанәлі аға ұстазына үнемі соғымынан сарқыт жіберіп отырды. Мерекелерде арнайы сыйлық жасайтын. Апам мақтанышпен айтып, қолынан шәкіртінің қолтаңбасы бар кітабын тастамай, қашан болсын үңіліп отыратын, – дейді келіні Нұрбибі.

Пелагея Алиповна туып-өскен Астрахань облысын Ұлы Отан соғысы кезінде жау ұшақтары бомбылап, десант түсіргені белгілі. Ас-ағаның ұстазы қаршадай оқушы кезінде тылда окоп қазыпты. Соғысқа сұранған екен, жасы жетпеген соң әскери комиссариат майданға жібермеді. Жасуды жек көретін, тек қана алға ұмтылуды білетін өрлік қасиет Ас-ағаға ата-тектен берілумен қатар осы Пелагея ұстазынан да жұқса керек. ...Шәкірті әлем таныған Ас-аға болса, марқұм Пелагея Жұбалиева мақсатына жеткен бақытты жандардың бірі екені хақ. Ал Ас-аға үшін ұстазының есімі әрдайым жүрегінде үлкен әріптермен жазулы.

Төреғали ТӘШЕНОВ